



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 47/432

28 ноября 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

1 желтоқсан - Тұңғыш Президент Күні

1 декабря - День Первого Президента

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІМЕН !

Құрметті әріптестер, қала тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Айтулы күннің барша халқымыз үшін маңызы мен мазмұны ерекше екендігі сөзсіз. Бұл - ғасырлар тоғысында ата-бабалар аңсаған аңсарлы әлем Азаттықтың алауын жағып, Тәуелсіздіктің тұсауын кескен, қазақ жұртын әлемге бейбітсүйгіш ел ретінде танытқан Елбасының таққа отырған, Алаш баласының басына бақ орнаған күн болып тарихта қалатыны шындық. Сондықтан да бүгінгі мейрамның сыры да, сипаты да бөлек.

Бүгінгі таңда Қазақстан экономикалық дамудың және жаңа перспективалардың ауқымды көлемі бар ел болып қана табылмай, өңірлік ықпалдастықтың белсенді үрдістеріне бастама бере алатын, соның ішінде уақыттың ғаламдық талаптарына сәйкес жауап іздеуге әлемдік қауымдастықты біріктіре алатын ел болып отыр.

Қымбатты жерлестер!

Баршаңызды Қазақстан тарихында еркіндік пен мемлекет қуаттылығының басты нышаны болып табылатын осынау айтулы мерекемен құттықтай отырып, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға амандық және өмірдегі бар ізгілікті тілейміз!

Құрметпен:

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

ЕЛІ ЕЛЕГЕН ЕЛБАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011-жылғы 14- желтоқсандағы № 509-IV Заңына сәйкес, 1-желтоқсанда қазақстандықтар әр жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесін атап өтуді дәстүрге айналдырды. Қазіргі таңда мемлекеттің айрықша мәртебесі, оның барлық кезеңдегі ел дамуының бағыттарын анықтайтын ел көшбасшысының тұлғасымен анықталады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев жаңадан қалыптасып жатқан қазақ елінің басында тұрған және тәуелсіз Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына үлесін қосқан Ұлт Көшбасшысы болып табылады.

Тұңғыш Президент күні аталып өтетін болғалы бергі кезеңде еліміз бойынша әртүрлі маңызды шаралар өткізіп отыру қолға алынды. Атап айтқанда, Ел Көшбасшысының рөлі мен Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы және орнығуы туралы кең ақпаратты түрде түсіндіру жұмыстарын атқару, жаңадан туылған сәбилерге туу туралы куәліктерін салтанатты түрде тапсыру, қаланың нотариустарымен және адвокаттарымен халыққа тегін заңгерлік кеңес беру, «ашық есік күнін» өткізу, жалпы білім беру мектептер оқушылары арасында тақырыптық конкурстар өткізу, мектеп оқушылары және студенттер арасында «Жарқын болашаққа бастаған Ұлт Көшбасшы» атты тақырыптарға кездесулер ұйымдастыру, қоғам және мәдениет қайраткерлері, ғалымдар мен жастардың қатысуымен «ҚР Тұңғыш Президентінің үлесі», «Первый Президент Республики Казахстан», «Ұлт Көшбасшысы» және т.б. тақырыптарда дөңгелек үстел өткізудің маңызы зор.

Тәуелсіздік алған бірінші күннен бастап, бейбіт саясатты еліміздің егемендігі ҚР президентінің атымен тікелей байланысты. Қазақ ел бастаудың да, қол бастаудың да, сөз бастаудың да қиындығы туралы айтылған ұлағатты сөз қалған. Бұл қасиеттердің бәрі де Елбасының болмысында бар дара қасиеттер. Қазіргі қым-қуып, дағдарыс жағадан алған заманда тығрықтан шығу үшін бізге көреген, дана және саясаткер басшының қажеттігі айтпаса да түсінікті. Бұл жолғы дағдарыс, расымен, бүкіл әлемді қос бүйірден қысып, алқымнан алып

тұр. Алайда, мұндай тар жол, тайғақ кешумен әлем алғаш рет бетпе-бет келіп тұрған жоқ. Сол әлемнің бір бөлшегі болған біздің ел де осындай қиын-қыстау сәттерді бастан өткерді, қазір де өткеруде. Әріге бармай-ақ, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жағдайды еске алсақ та жеткілікті. Сол кезде көптеген отбасы кешкі асқа ішер тамақ таппай қиналғаны бүгінде сенгісіз жайт болып көрінеді. Себебі, қазір көйлек көк, қарын тоқ. Халықтың әлеуметтік жағдайы мен өмір сүру қабілетінің артып келе жатқаны көпшіліктің назарында. Ал, сол азаттықтың алғашқы жылдарындағы аласапырнан бүгінгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай тірлікке жеткізген – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Елбасы толқын болып ытқып соққан дағдарыстың бетін қайтарып қана қоймай, одан кейінгі даму сатысын қалыптастырып берді. Елбасының әр бастамасы бізді қандай дағдарыс болсын төтеп беретінімізге сендіреді. Сондықтан бұл жолғы экономикалық қиындықтардың уақытша екенін түсініп, Президентімізбен бірге оның алдын алуға дайын болуымыз қажет дегім келеді. Мұндай сәттерде біздің әрбіріміз Елбасының бастамаларын қолдап, қуаттауға, қоғамдағы өз ролімізді ыңғайлылықпен атқара отырып, демеу болуға тиістіміз. Жоғарғы Палатадан бастап, жергіктік мәслихат депутаттарына дейінгі сатыдағы халық сайлаған өкілдер – біздер де өз жауапкершілігімізді сезінуіміз қажет. Әрине, Президентіміз сенім артқан кейбір тұлғалардың сол сенімді ақтамай, қазақ елінің атына нұқсан келтіріп жатқан жұрт жақсы біледі. Ондайлар дер кезінде жауапқа тартылып, жазасын тартуда. Бұндай оқшылықтарға көп болып жол бермегеніміз ләзім. Қазіргі таңда біздің бірлігіміз бен адалдығымыз, ауызбірлігіміз бен татулығымыз маңызды роль атқарады.

Сөз соңында айтарым, барлық қазақстандықтарды және сайлаушыларымды айтулы мереке – «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын және біздің ортақ үйіміз Қазақстанға бейбітшілік, ырыс-береке мен жарқын болашақ тілеймін!

Амандық СЕРІКОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

С ДНЁМ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН !

Уважаемые коллеги, жители города!

Примите самые искренние поздравления с государственным праздником - Днем Первого Президента Республики Казахстан!

Под руководством Первого Президента Казахстана обрел мировую известность и авторитет миролюбивой страны, главным богатством и достоянием которой являются общественное согласие и единство народа.

Сегодня Казахстан является не только страной с внушительными масштабами экономического развития и новых перспектив, но и государством, способным задавать старт активным процессам региональной интеграции, в том числе объединять мировое сообщество для поиска адекватных ответов на глобальные вызовы времени.

Дорогие земляки!

От чистого сердца поздравляем Вас с Днём Первого Президента Республики Казахстан.

Желаем Вам семейного благополучия, крепкого здоровья и счастья.

Пусть все наши начинания будут результативными, а будущее - светлым!

С уважением:

Аким города
Секретарь маслихата

К.Камзин
Б.Сәрсембеков

ЕЛІ СЕНГЕН ЕЛБАСЫ

«Тұңғыш» деген ұғымның астарында тұңғыш ерекшелік бардай. Селт ете қаласың. Ұлы да кәсірлі Отанымыз – Қазақ елінің Тәуелсіздігін әлем тұңғыш мойындады. Тұңғыш төл теңгеміз шыққанда өз қазынамызға иелік ететін күн туды, тұңғыш рет еліміздің рәміздері қабылданды, тұңғыш Қарулы Күштеріміз құрылды. Дана қиялынан туған алып Астана бой көтерді. Бала қиялынан туған ертегідегі алып шынар, көз жетпес Бәйтерекке айналды. Осы Тұңғыш атрибуттардың ең басында осы тұңғыштарды тұңғыш еткен Еліміздің Тұңғыш




Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұр. Елімізде аталып өтіліп отырған 1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балалар бөлімінде Елбасының ерен еңбегін насихаттау мақсатында «Егемен ел және Елбасы» және оқырмандарға қызмет ету бөлімінде «Мақтан тұтар ұлы тұлға» атты кітап көрмелері ұйымдастырылған болатын. Іс шаралардың мақсаты оқырман қауымға Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен шығармашылыққа толы істері туралы мәліметтер беру, ел үшін жасаған істерін үлгі – өнеге ету. Оқушыларды өз Отанын, халқын сүйетін азамат болып өсуге, ұлтжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Көрмелерді әр түрлі жастағы жасөспірімдер келіп, тамашалады. Сонымен қатар, оқырман-



дардың назарына биылғы жылы жаңадан келіп түскен Елбасы жайлы жаңа әдебиеттер ұсынылды. Тұңғыш Президентіміздің сәйкес саясаты арқасында ел тарихында болмаған мектептер, ауруханалар, спорт ғимараттары, балабақшалар мен саябақтар бой көтерді. Игілігін ел көріп жатқан осы жағымды жаңалықтар мен жақсылықтар Тұңғыш Президентіміздің ерен еңбектерінің нұрлы жемісі. Асқан реформатор-



лығы, саяси көшбасшылық тұлғасы жылдар өткен сайын биіктей түскен Тұңғыш Президентіміздің мерекесі мерейлі, тәуелсіз еліміздің болашаққа апарар жолы нұрлы, таңы арайлы болғай!

Б. Алшынбекұлы



САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Үстіміздегі жылдың күзгі әскерге шақыру науқанында қаламыздағы әскери бөлімге еліміздің әр аймақтарынан Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылған жас сарбаздар келіп түскен болатын. Одан бергі кезеңде алғашқы әскери дайындықтан өтіп, әскери жаттығулар мен ойындардан, саяси сабақтар мен дене шынықтырудан шыңдалған сарбаздардың ант беру рәсімі өткен сенбі күні салтанатты түрде өтті. Өмірдің ерекше бір сатысына қадам басқан сарбаздардың ата-аналары мен туған-туыстары келіп, қаламызға қонақ болды және маңызды шараға қатысты.

Сенбінің еске мезгілінде әскери гарнизонның саптық алаңы ант беру рәсіміне жиналған ата-аналарға, әскери қызметкерлер мен ішкі істер және әскери қызметшілер ардагерлеріне лық толды. Әскери тәртіптің ережесіне сай атлмыш шара сағат

бөлім командирінің бұйрығы бойынша ант қабылдау рәсіміне кірісті.

Жас сарбаздар салтанатты түрде ант



қабылдап болған соң, оқу дивизионының командирлері жеке құрамның әскери ант қабылдап болғандығы туралы бөлім командиріне баянат беріп, бөлім командирі жеке құрамды әскери ант қабылдауларымен құттықтады. Одан әрі жас сарбаздарды құттықтауларға кезек беріліп, Әуе қорғаныс күштері әскери дайындық басқармасы бастығының орынбасары половник

Игорь Валентинович Свиридов, қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков және әскери прокурор, юстиция подполковнигі Дінбаян Қажығалиұлы Мұханбетқалиевтер жас сарбаздарға арналған өз құттықтаулары мен тілектерін білдірді. Сарбаздардың ата-аналары атынан Ольга Николаевна Лопухова мен Еркін Ерғешбайұлы Ниязовтар құттықтау сөз сөйледі. Жас сарбаздар тарапынан

Марлен Жүсіпұлы Досұмов пен Даниил Александрович Сапрыгиндерге сөз берілді.

Әскери ант қабылдау рәсімінің негізгі бөлімінен кейін жас сарбаздар қарумен және құр қолмен саптық әскери әдіс-тәсілдер, №1 және №2 кешенді еркін жаттығулар мен қолма-қол жекпе-жек әдісінен өз өнерлерін жиналғандарға паш етті. Әскери ант беруге қатысқан көпшілік және жас сарбаздар естелік суреттерге түсіп болғасын, әскери сапка жанадан қосылған сарбаздардың күшімен қойылған концерттік бағдарлама тамашаланды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

*Суреттерде: әскери ант қабылдаудан көріністер.
Суретті түсірген автор*



тілі 10.00-ді көсеткенде басталып кетті. Бөлім штабының бастығы бөлім командиріне жеке құрамның әскери ант қабылдауға дайындығын мәлімдейтін баянат жасаған соң, салтанатты шеру ашық деп жарияланып, ҚР жалауы салтанатты түрде әкелінді және еліміздің әнұраны ойналды.

Бөлім командирі өзінің қысқаша арнау сөзін «Салтанатты әскери ант қабылдау – өз халқына, Отанына, Президентіне адалдық пен құқықтық моральды-саяси рәсім болып табылады. Әскери ант – мемлекетіміздің Президентінің және Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын жауапкершілікпен орындауға міндеттейді. Құрметті сарбаздар, өз әскери аманаттарыңызға берік болыңыздар!», - деп қортындылады. Бұдан кейін әскери ту әскери топтың саптық жүрісімен ортаға әкелініп, оқу дивизионының командирі

ПРИСЯГАЯ НА ВЕРНОСТЬ ОТЕЧЕСТВУ

На днях новобранцы войсковой части 44841 СВО ВС РК, призыва «Осень - 2015», были торжественно приведены к воинской присяге.

Церемония принятия присяги проходила под руководством командира части полковника Бауыржана Жиенбаева.

В этот торжественный день на плацу гарнизона было многолюдно. Поздравить молодых воинов приехали гости – официальные лица из столицы Республики - города Астаны, руководители местной исполнительной власти и общественных организаций,



а также родители и друзья молодого пополнения, приехавшие из разных регионов страны.

На митинге, посвященном этому событию, первым с поздравительной

подписью. От всей души желаю молодым воинам свято хранить славные боевые традиции старших поколений. Будьте верны сегодняшней присяге и гордо несите высокое звание - Защитника Отечества.

Свои пожелания молодым солдатам адресовали также родители.

Завершился торжественный день праздничным концертом художественной самодеятельности гарнизонного дома офицеров для гостей.

**Пресс-служба
Акима города Приозёрск**



речью выступил аким города Кайрат Камзин, который сказал: «...сегодня вы даете клятву на верность служения Родине. Это - знаменательное событие. Именно с этого дня начинается отчет возмужания юношей, ставшего в армейский строй. С этого часа вся служба солдата, все его дела и поступки будут сверяться с требованиями торжественной клятвы, скрепленной



Бәріміз де бірдейміз, кемсітуді білмейміз!

МҮГЕДЕКТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Кемтар адамдардың құқықтық мәртебесінің мазмұны мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың қолданыстағы жүйесімен айқындалады. «Әлеуметтік қорғау» термині – бұл әлдебір жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын әрі лайықты ақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе ретінде ұғынылады. Кемтар адамдардың құқықтары мен бостандықтарын заңнамалық тұрғыдан реттеу мәселесі, сондай-ақ оларды іске асыру бойынша мемлекеттің міндеттері аса маңызды, өйткені мұндай адамдардың жағдайы мемлекет тарапынан сенімді кепілдің болуын талап етеді. Мемлекеттің өз азаматтары туралы реттелген, жүйелік амқорлығы, ең алдымен, сол немесе өзге топтағы халықтың құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты халықаралық стандарттарды мемлекеттік сақтауға дайындығының деңгейін сипаттайтын нормативтік құқықтық актілер мен бағдарламалық құжаттардан көрінеді. Оның мақсаты мүгедектердің тұрмыс тіршілігінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық жағдай жасау болып табылады.

Бүгінгі таңда қазақстандық әлеуметтік қорғау жүйесі ынтымақтастық болып табылады, әрі мемлекеттік кепілдіктерге негізделеді. Ол республикалық және жергілікті бюджеттің есебінен әлеуметтік көмектің

шектелген жиынтығын беруді көздейді: бұл мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы, заттай жеңілдіктердің орнына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, тұрғын үй жәрдемақыларын төлеу. Осымен қатар мүгедектердің жағдайын жақсартудың экономикалық тетіктерін дамыту көзделген. Оларға атаулы әлеуметтік көмек ретінде түрлі әлеуметтік төлемдер тетіктерін жетілдіру бойынша шаралар кешені, ақы төленетін қоғамдық жұмыстар ұсыну арқылы қосымша жұмыс орындарын құру, қайта оқыту бағдарламаларын қаржыландыру және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жатады.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау шараларының бірі – ағзаның бұзылған немесе жоғалған қарекетін, өзіне өзі қызмет ету, кәсіби қызметтің әр түріне қабілетін қалпына келтіруге және орын толтыруға бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар кешенінен тұратын, сондай-ақ мүгедектердің толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік беретін әрі олардың құқықтары мен қабілет мүмкіндіктерін іске асыруын қамтамасыз ететін оңалту болып табылады. Қазақстанда мүгедектіктің туындауына байланысты пайда болатын қатынастарды реттейтін мемлекеттік саясат пен ұлттық заңнама негізінен еліміздің экономикалық даму деңгейінің өсуіне сәйкес мүгедектердің тұрмыс тіршілігінің қарапайым жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған.

О.Кайнолдина,
Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының бас маманы - бас қазынашысы

1 желтоқсан - Тұңғыш Президент Күні

БІЗ ЕЛБАСЫН МАҚТАМАЙМЫЗ, ОНЫМЕН МАҚТАНАМЫЗ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың: «Мен үшін елімді дамыған елдердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ. Қазақтың ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау-президенттік те, перзенттік парызым» - деуі бекер емес. Қазақ ұлты үшін атқарылған ұлы істер, үлкен жеңісті жолдарды еске алып, өзімізге өзіміз есеп беретін бұл күннің саяси да, қоғамдық та маңызы зор. 1991 жылдың 1 желтоқсанында тәуелсіздігін жаңа ғана алған Қазақ елі үшін ерекше тебіреніске толы айрықша айшықты күн туды. Дүниежүзі тарихы бойынша ешбір мемлекет азаттығының алғашқы 24 жылдығында еңсесін тіктеп, осынша қарқынды өрлеу үлгісін көрсетпегенін әлем мойындап отыр. Осыған орай Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қажыр-қайрағының арқасында

республикамызда, әлемдік аренада атқарылып жатқан шаралардың бәріне куә болып келеміз. Бір ғана ұлттың емес, жалпыадамзаттық түйінді мәселелерді шешуде көшбасшылық көрсеткен Президентімізді құрметтеу біздің азаматтық парызымыз. 1 желтоқсаны Президент күні деп белгілеу осы құрметтің көрінісі деп білгеніміз жөн.

Күллі елді соңына ертіп, ерен істерге жұмылдыра білген салмақты да салиқалы саясаты арқылы алдымен халықтың билікке деген сенімін нығайтқан Елбасы өнегесі бізге қашанда үлгі. Тұңғыш Президент күнін Приозерск қаласының Әділет басқармасы бірлік күні деп өткізуге даяр.

Б. Майбасов,
Приозерск қаласы Әділет басқармасының бас маманы



...Өз тіліңді құрметте!

Коррупции нет!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ БИІК БОЛУЫ ТИІС

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында: «2025 жылға қарай мемлекеттік тіл өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, тіз келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз - туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі» - деп мемлекеттік тіліміздің болашағына зор сенім білдірген. Әрине, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын барынша кеңейту, ең алдымен, мемлекеттік мекемелердің басты міндеті.

Бүгінгі таңда Приозерск қаласының Әділет басқармасында барлық кіріс-шығыс құжаттары міндетті түрде қазақ тілінде жүргізіледі. Сонымен қатар азаматтардың өтініштерін мемлекеттік тілде қабылдау оң жолға қойылған және Приозерск қаласының

әділет басқармасына басқа облыстардан және жергілікті мекемеден келіп түскен хаттарға мемлекеттік тілде жауап беріледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Тіл – тәуелсіз мемлекеттің және халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағы. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі артсын десек, Елбасымыздың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» - деген қағидасын берік ұстануымыз керек.

Ж.А Жақупов,

Приозерск қаласы Әділет басқармасының консультант – тіркеушісі

Әблахат Еспаевқа 90 жьы

САЗ ӨНЕРІНІҢ СҰЛТАНЫ

Халқымыздың аяулы ұлы, қазақтың аса көрнекті сазгері Әблахат Еспаев кешегі қарашаның 25-жұлдызында өмірде болса мерейлі 90 жасын дүркіретіп тойлар еді. Әблахат Еспаевты ұмытып кету, ұмыту мүмкін бе? Әблахат Еспаевты ұмыту дегеніміз – мына күнделікті тірлікте бізбен қоян-қолтық қойындасып, біте қайнасып, санамызға әбден сіңісті боп кеткен “Ұстазым менің, ұстазым”, “Әлі есімде”, “Қайдасыңдар, достарым?!” , “Маржан қыз”, “Сағыныш екен бала кез” және бұдан басқа да отызға тарта ойлы, оралымды, мәдени өміріміздің мәні мен сәніне айналып кеткен әдемі әндерді ұмытып кету деген сөз. Ал, қазақ тірі тұрғанда, қазақтың тілі тірі тұрғанда бұл әндердің ұмытылмайтыны сөзсіз. “Ұмытылғаныңыз” не, Әблахат Еспаевтың әндері – уақыт өткен сайын жаңғыра, жанара, жасара беретін, ескірмейтін әндер. Жасампаз әндер. Мәңгілік әндер.



Өнерлі тұлғаны, жалпы, өнерпаз атаулыны елге, жерге тіпті ұлтқа бөлуге болмайды. Өнерде өзіндік орны бар, лайықты тұлғаны лайықты түрде насихаттауға ұдайы көңіл бөліп отырырмыз ба?.. Оларды еске алуға жүйелі түрде көңіл бөліп отыруға тиіспіз. Өйткені бұлар өнерді өсіреді. Ұлттық өнерімізді өрге сүйрейді. Біз бұларды неғұрлым кең түрде насихаттасақ, үлгі тұтсақ, бұлардың өнері мен өнегесін кейінгі ұрпақтың алдына жиі тартып отырсақ, ұлттық өнеріміз де соғұрлым түрленеді, түр ашады, түлейді. Жетіледі. Дамиды. Бұл – өнердің өзінің заңдылығы. Төл заңдылығы. Өтсең, осы заңдылыққа ден қоя бермейтініміз өкінішті-ақ. Біржан сал, Ақан сері жок болса, Үкілі Ыбырай мен Естай да жок. Өйткені Үкілі Ыбырайды Үкілі Ыбырай еткен, Естайды Естай еткен – оның алдындағылардың өнері. Яғни, Біржан сал мен Ақан серінің үлгі-өнегесі. Мектебі. Егер Шәмші Қалдаяқов, Әблахат Еспаев сияқты композиторлар жок болса, онда бүгінде санатта жүрген сазгерлер де жок. Өйткені олардың ән жазуына, ән өнерімен айналысуына Шәмшінің, Әблахаттың, Әсет Бейсеуовтың ықпал-әсері болды ғой?

Әблахат Еспаев 1925-жылы 25-қарашада Қостанай қаласының іргесіндегі №2 ауылда туған. Қазір бұл ауыл қалаға қосылып кеткен. Әблахаттың әкесі Смағұл мен әйгілі ағартушымыз Ыбырай Алтынсарин – немере туыс. Руы – қыпшақ, оның ішінде Алтыбас деген тармағынан. Айта кететін бір жайт, Ыбырай Алтынсариннің айналасынан, туыс-туғандарының ішінен ағартушылар, оқытушылар, мұғалімдер өте көп шыққан. Смағұл да – соның бірі. 1930-жылдары Смағұл “ұлтшыл, алашордашыл” деген айыппен көп қудаланады. Бір жағы – осы қудалау, екінші жағы – жаппай ашаршылық, 1933-жылы Смағұл өзінің отбасымен Қырғызстанға өтіп кетпекке бел буады. Жаяу-жалпылап жолға шығады. Бұл кезде Әблахат 8 жаста болған. Жол-жөнекей Смағұлдың қарындасы, інісі өледі. Әлсіреген Әблахатты әкесі арқалап алады. “Әке, шөлдедім...”, “әке, қарным ашты...” деп қынқылдаған Әблахатты әкесі Смағұл “Су дейсің бе, сәл тоса тұр...” , “Қазір тамақ ішетін жерге де жетеміз, шыдай тұр...” деп алдаусыратады екен. Сол кезде Смағұл Әблахатты емес, ән арқалап келе жатқанын

сезді ме екен, сезбеді ме екен?.. Содан баласын арқалаған Смағұл Еспаев Шуға да өліп-талып жетеді ғой. Тағдыр солай бұйырған шығар, Смағұл да сол күйі осы Шуда қалып қояды. Қазіргі күні Шудың дәл жанында Төле би ауылы бар. Әблахаттың өсіп-өнген ауылы – осы ауыл. Әкесі Смағұл осы ауылдағы орта мектепте өмір бойы мұғалім болып істеген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Әблахат сұранып жүріп 1942-жылы соғысқа аттанады. 1945-жылы соғыстан кіші офицер болып, аман-есен елге оралады. 1946-жылы өзінің туған мектебіне “Әскери дайындық” пәнінен сабақ береді.

“Батыр бала Болатбек” әнін айтпағанда, Әблахаттың “Ұстазым менің, ұстазым” әні әрбір мектепте ұдайы сырқалып жатады ғой. Күн сайын демей-ақ қояйық, “Ұстазым менің, ұстазымын” ай сайын, апта сайын орындалатыны әрбір оқушыға да белгілі ғой. Әблахаттың әндері орындалып жатқан бір мектепте неге композитордың еске алу кешін өткізуге болмайды? Тым еңжармыз, бойкүйебіз, өмір күтіп отырамыз жоғарыдан... Оның еске алу кешінің тақырыбына ат ойлап табудың да қажеті жок. Әблахаттың әрбір әні тақырып болуға өзі-ақ сұранып тұр: “Қайдасыңдар, достарым?!” , “Ұстазым менің, ұстазым”, “Әлі есімде”, “Маржан қыз”, “Бейбітшілік берік қолда” және т.б.

Шәмшінің дүркіреп тұрған шағында бір журналист: “Сізді халық “Қазақ вальсінің королі” - дейді. Атағыңыз шарықтап тұр. Осы атак жөнінен Қазақстанда сізбен бірде-бір композитор таласа алмайды-ау. Солай ғой, Шәке?”- демей ме. Сонда Шәмші: “Неге олай дейсің? Біздің арамызда ең атакты композитор – Әблахат Еспаев. Өз басым Әблахаттай ән жаза алмай жүрмін. “Король” - деп жатырсын ғой, біле білсек, Әблахат – саз өнерінің сұлтаны. Әннің маршалы. Ән жазса, Әблахат жазсын! Ән жазсаң, Әблахаттай жаз!”- деген екен. Міне, кенпейілділік, сырбаздық, сыйластық, өнерді құрметтеу!.. Соныңдағы өскелең ұрпаққа өлмес өнерімен өнегелі із қалдырған сазгерді еске алып, әруағына бас иіуді, жастардың есіне сала кетуді жөн санағандықтан газет осы макаланы өз оқырмандарына ұсынады.

Н.ӨТЕП

О МЕРАХ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ КОРРУПЦИИ

Под коррупцией в законодательстве понимается: «не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий для получения имущественной выгоды, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ».

Коррупция, как общественно - социальное явление подрывает основы государства и общества.

Взаимоотношения, связанные с использованием средств бюджета, также подвержены коррупционным рискам. Значительную роль при исполнении государственного бюджета играют территориальные подразделения казначейства.

Приозерское городское управление казначейства в своей деятельности взаимодействует с местными исполнительными и полномочными органами по вопросам поступлений в государственный бюджет, ведения нормативов распределения поступлений в местные бюджеты, ведения контрольных счетов наличности, счетов в иностранной валюте государственных учреждений и счетов СКС, переводных операций и ведения их учета.

Казначейское обслуживание исполнения бюджетов осуществляется управлением казначейства на основании документов, предоставляемых государственными учреждениями в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Уменьшению возможных рисков проявлений коррупционных составляющих в работе казначейства способствует переход на Систему электронного документооборота с государственными учреждениями, администраторами бюджетных программ, уполномоченными государственными органами. В настоящее время 100% государственных учреждений, финансируемых из местного бюджета, перешли на обслуживание по информационной системе «Казначейство – клиент».

Проводится комплекс мер по устранению условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией». Постоянно проводится обучение государственных служащих по вопросам антикоррупционного законодательства. Действия информирования о неправомерных действиях сотрудников казначейства в здании управления установлен ящик для заявлений и обращений граждан, а также имеется книга обращений, жалоб и заявлений граждан и книга контроля этики государственных служащих. «Телефон доверия» в Приозерском городском управлении казначейства работает постоянно.

Борьба с коррупцией — это длительный, тяжелый и кропотливый процесс. Всё наше общество должно противостоять ей, пресекать на корню любые её формы.

Т.Д. Манаков,

Руководитель Приозерского городского управления казначейства

Здоровый образ жизни

ПРОДУКТЫ, КОТОРЫЕ ЭФФЕКТИВНО ВЫВОДЯТ ТОКСИНЫ ИЗ ОРГАНИЗМА

Каждый день мы подвергаемся воздействию многих экологических токсинов - из воздуха, которым мы дышим, через пищу, которую потребляем, воду, которую пьем, продукты, которые используем для ухода за телом. Для поддержания здоровья всего организма на оптимальном уровне было бы более желательным по максимуму ограничивать воздействия токсинов, но и также потреблять определенные продукты, которые ускоряют и поддерживают их выведение из организма.

Овощи зеленые

Хлорофилл является соединением, которое дает овощам зеленый цвет, который имеет многочисленные важнейшие преимущества для здоровья организма. Хлорофилл, по сути, связывается с канцерогенными веществами, тем самым помогая их выведению из организма. Лучше всего есть зеленые овощи два раза в день (обед и ужин). Петрушка, шпинат, салат, капуста, мангольд, руккола и зеленая фасоль являются лучшими источниками хлорофилла.

Свекла

Пигменты, которые включает в себя свекла, помогают детоксикации печени, а также характеризуются как мощные природные антиоксиданты. Свеклу лучше употреблять в свежем виде.

Куркума

Эта вкусная приправа содержит фитохимический компонент под названием куркумин, который снижает воспаление в организме и помогает детоксикации печени.

Чеснок

В дополнение к свойствам, которые поддерживают детоксикацию организма, исследования показали, что чеснок может понизить риск рака толстой кишки и желудка. Кроме того, он также может помочь защитить от сердечно-сосудистых заболеваний.

Овощи из семейства капустных

Эти мощные виды овощей помогут не



только в детоксикации печени, но и содержат соединение индол-3-карбинол, которое является ответственным за создание баланса эстрогена в организме. Овощи из семейства Brassicas включают: брокколи, капуста кочанная, брюква, репа, капуста цветная, брассельская. Полезно знать, что большинство из перечисленных видов овощей также содержат хлорофилл, превосходно влияющий на наше здоровье.

Яблоки

Богаты железом, поэтому благоприятно действуют на кровеносную систему. Их полезно есть при нарушении обмена веществ и снижении аппетита. Яблоки способствуют выведению из организма щавелевой кислоты, холестерина, радионуклидов. Калорийность яблок низкая, что делает их ценным продуктом лечебного питания для людей с избыточным весом.

Виноград

Прекрасный диетический продукт. Он улучшает обмен веществ, повышает аппетит, ускоряет мочеотделение, нормализует кровяное давление, помогает при заболеваниях сердца, способствует очищению организма от радионуклидов. Виноградный сок снижает уровень холестерина в крови, обладает тонизирующим действием.

По материалам интернет-изданий РК

ЖАҢА ТӨРАЙЫМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Қаламыздағы үлкен қоғамдық ұйымдарды ұзақ жылдар басқарып келген, қариялармен жұмыс істеуде біраз қомақты жұмыстарды атқаруға мұрындық болған Ырыс Талмекеева өз қалауымен Ардагерлер Кеңесінің төрайымы қызметінен босатуды сұранған соң, оның өтініші қабылданған еді. Аталмыш ұйымға төрағалық етуге таңдау түскенде, қала басшылары бірауыздан келісіп, қаладағы «Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдаламалар» бөлімінде біраз жылдар қызмет еткен және зейнет демалысына шыққан Жарасық Қармысқызына

қолқа салыпты. Ол кісіні қала басшылары да, қала халқымен қатар қариялар ұжымы да жақсы таниды.

—Қала әкімдігінің басшылары аталған ұйымға төрағалық етуді ұсынғанда біраз ойланyp қалғаным рас. Себебі бұл қоғамдық ұйым саналғанымен, өзіндік жауапкершілігі мен қиындығы да жетіп артылады. Көпшілікпен біраз жылдар жұмыс жасап, араласып көрген соң білемін. Дегенмен, қала тұрғыны әрі қазақ елінің азаматшасы болған соң, артылып отырған сенімнен бас тарту да ыңғайсыз ғой, «нартәуекел!» - деп келісім беруге тура келді. Қазіргі таңда мемлекеттің қарттар мен мүгедектерге жасап жатқан қамқорлығы ұшан-теңіз. Қала басшылығы да олардың әлеуметтік жағдайларына тиісінше мән беріп, қолдан келер көмегінен аянып қалып жатқан жоқ. Қоғамда өзіндік алатын орны бар ұйымға жетекшілік етудің салмағын сезіне отырып, қала басшылары және мекемелер мен ұйымдар жетекшілерімен бірлесе отырып жұмыс жүргіземіз деп ойлаймын - деді бізбен әңгімесінде Жарасық Қармысқызы.

Қариялар ұйымына сайланған жаңа төрайымның қоғамдық жұмыстағы қызметіне сәттілік тілеп, «Істеріңіз алға баса берсін!» - деп біз де өз тарапымыздан тілек қосамыз!

Н.ӨТЕП

“ОТАУ ТВ” - ЛИДЕР СПУТНИКОВОГО ТЕЛЕВИДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ



Сегодня хотел бы привлечь внимание читателей газеты к проблемам и перспективам развития отечественного рынка телерадиовещания, и в частности, казахстанского оператора АО «Казтелерадио», предлагающего населению Казахстана услугу по

получению телерадиоконтента в комплекте со спутниковым оборудованием под торговой маркой «Отау ТВ».

Решая для вопроса о получении доступа к информации о самых свежих событиях, происходящих в стране и мире, наш гражданин сталкивается с выбором, какое оборудование приобрести, чему отдать предпочтение? Газеты и Интернет пестрят предложениями от наших предпринимателей по продаже комплектов спутникового оборудования и подключению к услугам различных операторов: Триколор, НТВ+, Радуга, Телекарта и другие. Казалось бы нет проблем, купи комплект спутникового оборудования с самым полным пакетом программ и наслаждайся предоставляемыми услугами. Однако простота выбора только на первый взгляд кажущаяся.

В чем же сложность правильного выбора?

Согласно статьи 24 Закона РК «О лицензировании» оказание услуг по организации телевизионного и (или) радиовещания на территории Республики Казахстан является лицензируемым видом деятельности. Именно поэтому казахстанские операторы телерадиовещания, независимо - государственные или коммерческие, обязаны получить разрешительные документы, регламентирующие деятельность на территории Республики Казахстан. В процессе своей деятельности казахстанские операторы создают новые рабочие места и пополняют государственную казну налоговыми отчислениями, тем самым вносят свой вклад в развитие нашей экономики и отечественного телевидения. На сегодняшний день в РК на основании лицензий работают более ста операторов, в т.ч. как общереспубликанского уровня – АО «Казтелерадио» (OTAU TV), «Алма ТВ», «Icom», «Казхателеком» (ID TV), так и регионального значения.

Совсем иная ситуация складывается в связи с деятельностью зарубежных операторов вещания на территории Казахстана, и именно спутниковых. Бесспорно, запретить использование спутниковых антенн иностранных операторов технически невозможно, поскольку зона покрытия спутникового сигнала из космоса гораздо шире, чем наземные границы государств. И это замечательно, т.к. расширяет возможности, как для потребителей, так и для операторов вещания.

Но вместе с этим осуществлять предпринимательскую деятельность всё же нужно в рамках правового поля той страны, где ты ведешь свой бизнес. Получается, одни операторы встают на учет, соблюдают требования законов о рекламе, о языках, о телерадиовещании, технические регламенты, правила оказания услуг абонентам, а другие, ничем не утруждаясь, имеют тех же зрителей, что и первые. При этом, не вкладывая и не неся никаких экономических затрат, в т.ч. налоговых отчислений в казахстанский бюджет. По-сути, это не равная конкуренция по отношению к лицензированным операторам. По данным независимых экспертов суммы, проходящие зарубежным операторам вещания мимо казахстанского бюджета, исчисляются в миллиардах тенге ежегодно. А ведь эти денежные потоки могли бы пойти на развитие отечественного телевидения, оплату кадрового персонала в РК и, безусловно - это налоги в бюджет. Граждане Казахстана, использующие нелегитимные или так называемые «серые тарелки», практически изолированы от

информационного пространства Казахстана.

Также стоит отметить, что происходит нарушение и рекламного законодательства, когда иностранными операторами вещаются реклама запрещенных товаров и услуг. Не соблюдаются требования Закона РК «О языках», т.к. в меню и инструкциях по использованию оборудования иностранных операторов не предусмотрено казахский язык. Кроме того, согласно нормам Закона РК «О телерадиовещании» трансляция телеканалов, не прошедших постановку на государственный учет, на территории РК запрещена.

В 2013 году указом Президента РК Н.А.Назарбаева утверждена государственная программа "Информационный Казахстан-2020", основной целью которой является создание условий, обеспечивающих переход Казахстана к информационному обществу. Программа разработана в рамках поручения главы государства, обнародованных в статье "Социальная модернизация Казахстана: двадцать шагов к обществу всеобщего труда" и предполагает до 2020 года построение эфирной цифровой сети по всему Казахстану с достижением 95% охвата населения страны эфирным вещанием и обеспечением 100% охвата территории страны спутниковым вещанием.

Осуществляя свою деятельность в рамках реализации данной программы и предоставляя услуги населению по получению информации посредством спутникового телерадиовещания «Отау ТВ», АО «Казтелерадио», является национальным лидером по предоставлению качественного цифрового информационного контента. Одной из основной целью стратегического направления деятельности АО «Казтелерадио» запланировано «поэтапное доведение охвата населения эфирным цифровым телевидением к 2018 году до 95%».

Филиал АО «Казтелерадио» - РТС Приозерск, пропагандируя отечественного производителя услуг, на сегодняшний день обеспечил данной услугой 213 абонентов, которые имеют возможность принимать 101 высококачественный телерадиоканал, в том числе – 40 гарантированных бесплатных казахстанских телеканалов и 14 радиоканалов. Спутниковые сигналы доходят до абонентов в превосходном качестве, в каком бы районе Казахстана они не находились.

Кроме того, РТС Приозерск, при покупке абонентом комплекта оборудования, обеспечивает бесплатную его установку, настройку и гарантированное обслуживание (рессивера) в течение 1 года. Также, операторы РТС предоставляют бесплатную услугу по консультации абонентов по телефону (871039-5-20-44, сот. 8775-917-59-79), в части работы и настройки оборудования.

РТС Приозерск, кроме обслуживания непосредственно жителей города Приозерска, охватывает отдаленные населенные пункты, как Карагандинской области, так и прилегающих Жамбылской и Алматинской областей.

Какой же выбор сделает наш казахстанский телезритель, выбирая из множества возможностей к доступу своевременной и объективной информации? Решит ли содержать иностранных операторов вещания или, проявив гражданскую сознательность, решит внести свой вклад в развитие казахстанского телевидения, воспитывающего граждан в духе патриотизма, поддержав тем самым отечественных операторов, создание новых рабочих мест в своей стране, способствуя пополнению налогами государственного бюджета в период сложных экономических реалий?

Кульмагамбетов О.Т.,
начальник цеха РТС Приозерск,
авторизованный дилер АО Казтелерадио
по распространению спутниковых антенн
OTAU TV»



К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

7 декабря 2015 года в 15.00 часов в Акимате города Приозерск Карагандинской области, войсковой частью 03080 МО РФ проводится **общественное слушание** проекта «Плана мероприятий по охране окружающей среды войсковой части 03080 МО РФ на 2016-2025 годы».

За подробной информацией обращаться по телефонам: 8(71039)5-23-23, +7777 680 98 70

Командование в/ч 03080 МО РФ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс XLVI сессиясы
2015 жылдың 30 қарашасында өтеді.

Сессия төрағасы Т.Қарабалаев

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Внеочередная XLVI сессия городского маслихата
проводится 30 ноября 2015 года.

Председатель сессии Т.Қарабалаев

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Диплом серии ЖБ-Б № 0056027,
выданный 03.07.2013 года
ЧУ Карагандинского университета
“Болашак”
на имя Илкібаевой Фаризы
Исатайқызы,
в связи с утерей.

НЕДВИЖИМОСТЬ Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру
(распашонка), частично
меблированную, с телефоном,
2 этаж, сделан ремонт. Адрес:
ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая.
Тел.8-747-259-52-59,
8-777-259-52-59

Приватизированную 2-комн.
квартиру, с телефоном. Красивый
вид на озеро с лоджии.

Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж,
не угловая.

Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11

3-х комнатная квартира по адресу
Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60.
6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна
пластиковые, квартира в хорошем
состоянии, лифт работает. Цена
договорная. Тел:8-701-481-47-98,
8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40
Рассмотрим варианты!

УСЛУГИ

Натяжные потолки. Быстро,
качественно. Мадн. Тел. 87026988613

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в
Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 47/432 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы
обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный
адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за
точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других
данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений.
Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции
запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и
журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и
частными распространителями в г.Приозерске и
г.Караганде, а также по подписке во всех городах и
районах области.
Подписной индекс - 65041